1. Жалпы ақпарат

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті «Қазаэронавигация» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – «Кәсіпорын») «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын біріктіру жолымен қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 736 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» әуе қозғалысын басқару, ұшуды радиотехникалық қамтамасыз етудің жерүсті құралдары мен электр байланысын техникалық пайдалану жөніндегі шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын біріктіру жолымен құрылды.

Кәсіпорын Астана қаласының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 қыркүйекте тіркелді, БСН 130940015918, соңғы қайта тіркеу 2023 жылғы 13 қарашада жүргізілді.

Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – «Құрылтайшы») болып табылады.

Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік меншік субъектісінің құқықтарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті жүзеге асырады.

Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мәні аэронавигациялық қызмет көрсету – әуе қозғалысын ұйымдастыруды, байланыс, навигация және бақылау жүйелерін ұсынуды, ұшуды метеорологиялық және іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді, аэронавигациялық ақпаратты ұсынуды қамтитын қызмет болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Кәсіпорын өз қызметінің негізгі мақсатын аэронавигациялық қызмет көрсету және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге аударымдарды жүзеге асыру жолымен жүзеге асырады.

Кәсіпорынның қызметі Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенциямен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен аэронавигация қызметтері Қазақстан Республикасындағы табиғи монополиялар салаларына жатқызылған.

Қызметтердің құны әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетудің бекітілген тарифтеріне және көрсетілген қызметтер көлеміне негізделеді. Кәсіпорынның қызметі реттеліп көрсетілетін және реттелмейтін болып бөлінеді.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің тарифтерін Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті бекітеді. Реттелмейтін қызметтерге тарифтерді Кәсіпорын Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияда жазылған ұсынымдарды ескере отырып, өз бетінше белгілейді.

Қазақстан Республикасының аумағында медициналық қызмет көрсету жөніндегі қызметті Кәсіпорын мыналардың негізінде жүзеге асырады:

- Астана қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы 2019 жылғы 03 мамырда берген № 19010178 мемлекеттік лицензиясы (бастапқы берілген күні – 2012 жылғы 02 наурыз), қолданылу мерзімі тұрақты.
- «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ 2023 жылғы 30 қазанда берген қолданылу мерзімі 2026 жылғы 30 қазанға дейінгі № 1 Авиациялық медициналық орталықтың азаматтық авиациядағы медициналық ұйымдардың қызметін регламенттейтін талаптарға сәйкестігі сертификаты.

Қазақстан Республикасының аумағында авиация персоналын даярлау және қайта даярлау қызметтерін ұсыну жөніндегі қызметті Кәсіпорын 2022 жылғы 15 қарашада "Қазақстан авиациялық әкімшілігі" АҚ-ның берген № KZ50VGL00000138 Авиациялық оқу орталығының сертификаты негізінде жүзеге асырады. Авиациялық оқу орталығының сертификаты және оның қолданылу саласы 2 жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

1 Жалпы ақпарат (жалғасы)

2023 жылғы 31 желтоқсанға Кәсіпорынның ұйымдастыру құрылымы Кәсіби дайындау орталығы мен

Авиациялық медициналық орталық кіретін Орталық аппаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өңірлерінде тіркелген 15 филиалды қамтиды.

Кәсіпорынның заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Е522 көшесі, 15-ғимарат.

2. Қаржылық есептілікті дайындаудың негізі

Осы арнайы мақсаттағы қаржылық ақпарат Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығының талаптарына сәйкес дайындалды. Бұл арнайы мақсаттағы қаржылық ақпарат тек қана қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау мақсатында дайындалған.

Арнайы мақсаттағы қаржылық ақпарат теңгемен берілген және өзге көрсетілген жағдайларды қоспағанда, барлық мәндер мыңға дейін дөңгелектелген.

Бас директор: Ахметов Н.Н. _____

Бас бухгалтер: Берденова Б.Ж. _____

М.О.